

**"Ақтөбе облысында 2022 жылға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2022 жылғы 22 сәуірдегі № 120 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 391 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Ақтөбе облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ақтөбе облысында 2022 жылға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2022 жылғы 22 сәуірдегі № 120 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27794 тіркелген) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*Е. Тоғжанов*

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2022 жылғы 2 желтоқсандағы  
№ 391 қаулысына қосымша  
Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2022 жылғы 22 сәуірдегі  
№ 120 қаулысына қосымша

**Ақтөбе облысында 2022 жылға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері**

№	Тауарлар атауы	Бірінші тоқсан (теңге)	Екінші тоқсан (теңге)	Үшінші тоқсан (теңге)	Төртінші тоқсан (теңге)
1	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын), килограмм	342	356	389	366

2	Бірінші сортты бидай ұны, килограмм	139	149	148	154
3	Қаракұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), килограмм	525	563	609	735
4	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді), килограмм	151	152	155	157
5	Рожки (өлшеніп салынатын), килограмм	322	332	343	354
6	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі), килограмм	1909	1954	1996	2005
7	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік), килограмм	924	959	1000	1017
8	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада, литр	245	245	245	249
9	Айран, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада, литр	276	275	280	279
10	Сүзбе: майлылығы 5-9%, килограмм	1408	1406	1403	1402
11	Тауық жұмыртқасы (I санатты), 1 дана	34,1	26,2	30,5	37,3
12	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5% толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ), килограмм	2476	2465	2471	2513

13	Күнбағыс майы, литр	751	746	789	876
14	Ақ қауданды қырыққабат, килограмм	191	143	175	193
15	Басты пияз, килограмм	107	139	108	100
16	Асханалық сәбіз , килограмм	115	218	137	111
17	Картоп, килограмм	108	191	132	117
18	Ақ қант - құмшекер, килограмм	296	301	308	328
19	Ас тұзы (" Экстра" - дан басқа), килограмм	43	44	44	44